

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы дамыту

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.06.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/140648/>

Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы жан-жақты дамыту.

«Ойын — бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы» дегендей, ойын — бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондайболады». Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.

Ойын — баланың қажетті әрекетінің бірі ойынды кіші жастағы балалардың табиғаты керек етеді. Балалардың еңбегі, оқуы ойыннанбасталады. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуынқалыптастыруға болады. Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түсетіні белгілі. Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады. Мысалы: «Сақина салу», «Ақсүйек» ойыны белгісіз сайды табуға арналған ойын. Ойынға толық сыныпқатысады. Кестедегі белгісіз сандардың орнына«ақсүйек» тығылып жатыр. Кім дұрыс шығарса, сол табады. Кім ақсүйекті көп тапса, сол ұтады. Өтілген тақырыптардағы сабақ материалыналайықталған ойын есептерін алып, тек ғана оқушының орындай алатын іс — әрекетімен шектелужеткіліксіз. Мұндай ойынды ұйымдастырудың және басқарудың сипаты мен жолдары және жолдары және оларды қолданудың тиімді бөліктері жан-жақты ойластырылуы керек. Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі, осыған дейінгібілімдері мен түсініктері баянды болып жаңа білімигеріледі.

Ойын — балалардың негізгі іс — әрекетінің біртүрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады.Мектеп жасына дейінгібалалардың көргендерін,

байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданалытанын байқау қиын емес. Ойнайналадағы болмысты бейнелейді.

Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Бүгінгі күн талабы — баланың оқыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымыналғашқы күннен бастап дамыудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы — ойын әрекеті, яғни, ойын — баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы блмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет.

Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды, осы сезім оны талпыныстарға жетелейді. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуына қамтиды.

Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез — келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар достарымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір — бірімен өзара қарым — қатынаста болады.

Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері — олбалалардың қоршаған ортаны — адамдардың қимылын, іс — әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым қатынасын бейнелеуі болып табылады. Бала — ешқашан үнсіз ойнамайды, ол жүреді, сөйлейді, ыңылдайды, секіреді, ойын барысында сөйлесу қарым — қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, эсер алады. Ойын — мектеп жасына дейінгі баланың жекебасының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Ойын балаланың барлық қабілетінің дамуына айналасындағы дүниетану түсініктерінің кеңеюіне, тілінің дамуына, құрбыларымен жеңіл эрі тез тілтабысуына көмектеседі. Ойын үстінде балаланың

қуанышы мен реніші көрінеді. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісідеп қарамай, олардың мінез -құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Ойын — баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятады. Сонымен қатар ойын — тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан — ойға жетелейтін, адамға қиял мен қанат беретін ғажап нәрсе деп, балабақшада ұлттық ойындардың бірнеше түрін оқу үрдісінде, дене тәрбиесіндеертенгіліктерде, спорттық жарыстарда кеңінен қолдануға болады.

Ойын — бала өмірінің нәрі, яғни оның руханижетілуі.

Ойын-баланың жеке басын дамытуда, сөздік қорын молайтуда, қоршаған ортамен танып-білуінде, өздігінен эрекет жасау дағдыларын қалыптастыруда, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда ерекше орын алады. Жаңа стандартқа сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларға арналған пәндік- дамытушы ортаныұйымдастыруға қойылатын талаптардың біріретінде заттар мен ойыншықтарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету, ойын іс-әрекеті жағдайымен қамтамасыз ету сұрақтары айқындалған. Бала үшін ойын — өзін-өзі жетілдірумен өзін-өзі көрсетудің құралы.Ойында балалардыне қызықтырады?- деген сұрақ туындайды. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ойынтүрлері де әр түрлі болып келеді. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс әрекетіне айландырып, ойын түрін күрделендіре түсу керек. Ойын тек балалар ойнайтын болып емес, оқу әрекеті барысындақолданылатын ойын түрлері. Балаларойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А. С. Макаренко ойын мазмұны мен түріне қарай ойын түрлері мынадай топтарға бөледі:

- Дидактикалық ойындар
- Сюжеттік ролдік ойындар
- Қимыл — қозғалыс ойындары (ұлттық ойындар)
- Саусақтар ойындар
- Үстел үсті ойындар

Ойын оқу — іс әрекетінде мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді. Балалар болса ойын барысындақиындықтарды кездестіріп, бірақ тәрбиешінің көмегі тигеннен кейін бала ойынға қанағаты толыпбілімге деген қызығушылығы толады, содан соң бала бұл дидактикалық ойын арқылы өзі сезбейтұрып зейіні болсын, есі болсын, ойлауы болсынжетіле түскенін байқалып қаласың. Ойын – баланың жан серігі. Қай бала болмасын ойнапөседі. Ойын сырттай қарағанда қиындығы жоқ, оп — оңай көрінуі мүмкін. Ал іс жүзінде бала үшін ойынға қатысты басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Ойынға зерсалып, ой жүгіртіп қарар болсақ, сол ойындарданүлкен де мәнді — мағыналы істер туындап өрбитінің байқаймыз. Өйткені, ең алдымен не нәрсенің болсын жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Бүгінде баланың тілінің, ой өрісінің дамуыалаңдатарлық мәселе екені бәрімізге аян. Әдеби шығармалар, ертегі тыңдап өспеген бала компьютерлер мен ұялы телефондардан

бас көтермей жатады. Осыдан да баланың тілдік қоры аз, байланыстырып сөйлеуге бейімделмеген, ортаға бейімделуі нашар ұялшақ қасиеттер басым келеді. Осындай кемшіліктерді байқай келе баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, тілдерін, ой өрістерін дамытып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуін ойын әдісі арқылы іске асыруға тырыстым. 2. Тәжірибе өзектілігі Кеңестік педагог А. С. Макаренко: “Баланың ойынға деген құмарлығы бар, солқұмарлықты қанағаттандыра білуіміз керек. Ойнау үшін тек қана уақытты бөліп қана қоймай, сонымен бірге баланың барлық өміріне ойынды бере және сіңіре білуіміз қажет. Оның барлық өмірі ойыннан тұрады” деген пікірін өз еңбектерінде атап өткен. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті – баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктелініп алынатын нақты мазмұнымен анықталады. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл — әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жасбаланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т. б. көптеген ерекшеліктері болады. Ойын – балалардың негізгііс — әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойынарқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез — құлқын, ерік — жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою) ерікарқылы байқалады. Түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегідей қуаныш пен реніш сезімінде болады. Балаға таңдалған білім баланың ақылына лайықтап, талабыншабыттандыратындай, ойын оятарлық іскерлігін дамытарлықтай, бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы керек. Халық өзінің қоршаған дүниенің қыры мен сыры егжей — тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан — жақты дамымақ емес. Мектеп алды даярлық тобында балаларға ойын арқылы сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар.